

Тыныбеков С.Т.,  
Жақсыбек М.Ж.

**Қазақстан Республикасының  
заңнамалары негізіндегі бала  
асырап алудың құқықтық  
аспектілері**

Tynybekov S.T.,  
Zhaksybek M.Zh.

**Legal aspects of children  
adoption under the legislation of  
the Republic of Kazakhstan**

Тыныбеков С.Т.,  
Жақсыбек М.Ж.

**Правовые аспекты  
усыновления детей  
по законодательству  
Республики Казахстан**

Берілген мақалада Қазақстан Республикасының заңнамалары негізіндегі бала асырап алудың құқықтық аспектілеріндегі процессуалды мәселелер қарастырылады. Бала асырап алудың құқықтық институты мен оның тиімділігі қарастырылады. Бала асырап алуды жетілдіруге бағытталған шаралар ұсынылады. Қазақстан Республикасындағы бала асырап алудың процестеріндегі мәселелерге айқын мысалдар келтіріледі, оны шешу жолдары ұсынылады.

**Түйін сөздер:** асырап алу, қамқоршылық, ата-ана, құқық, тәрбие.

---

This article considered procedural problems of children adoption under the legislation of the Republic of Kazakhstan. Also considered legal institution of the adoption and its efficiency. There are offering measures to improve the adoption. Suggesting examples for procedural problems of children adoption under the legislation of the Republic of Kazakhstan, offering measures to decide them.

**Key words:** adoption, trustee, parents, civil law, fosterage.

---

В настоящей статье рассматриваются процессуальные проблемы правовых аспектов усыновления детей по законодательству Республики Казахстан. Рассматривается правовой институт усыновления и его эффективность. Предлагаются меры для совершенствования процесса усыновления. К процессуальным проблемам усыновления детей по законодательству Республики Казахстан приводятся яркие примеры, предлагаются меры для их решения.

**Ключевые слова:** усыновление (удочерение), попечительство, родители, право, воспитание.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМАЛАРЫ  
НЕГІЗІНДЕГІ БАЛА  
АСЫРАП АЛУДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ**

Балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды мүдделерінің қорғалуы мен құқықтарының сақталуы – мемлекетіміздің саясатының негізгі басымдылығының бірі болып табылады. Қазіргі таңда адамзат өмірі өрісіндегі бірден-бір маңызды, көңіл бөлетін мәселелердің бірі – бала, оның қазіргі және болашақ тағдыры, оның бақыты, денсаулығы, қауіпсіздігі. Оны қоршап жатқан немесе өмірінде орын алмаған қамқорлық. Нақ осы бағыттар бала өмірінің негізін қалаушы болып табылады және оның дұрыс орналасуынан өміріміздің жалпы мәнді құрылымы айқындалады. Әлемдік қоғамның «балаға оның тұлға ретінде толық және үйлесімді дамуы үшін отбасы ішінде бақыт, махаббат ортасы қажет» деген тұжырымдамасы кездейсоқ емес [1]. Қазақстан Республикасының отбасылық заңнамасы балаларды тәрбиелеуге қабылдаудың бірнеше нысандарын орнатады: қамқоршылық және қорғаншылық, асырап алу, патронат. Алайда осы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрақты түрде орналастыру нысандарының ішінде асырап алудың орны ерекше.

ҚР-дың Жоғарғы Соты 22.12.2000 жылдан № 17 «Бала асырап алу жайлы істерді қарастыруда соттардың неке және отбасы жайлы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері жайлы» қаулы қабылдады [2], ол бұл мәселелер бойынша басты мәлімдемелерді құрайды. Заңды баспалар беттерінде және бұқаралық ақпарат құралдарында бала асырап алудың құқықтық, әлеуметтік, этикалық мәселелері жиі талқыланады. Алайда көптеген процессуалды мәселелер қатары даулы немесе шешілмеген болып қалуда.

Ең алдымен, бала асырап алу институтының болуының қажеттілігін атап өту керек. Оның үстіне әдебиетте айтылған пікір бойынша, тек туыстары мен жұбайының балаларын асырап алуға рұқсат беруге болады [3]. Асырап алудың барлық басқа жағдайлары баланың мүдделеріне сай келмейтіні жарияланады, себебі қаны басқа адамдар ешқашан да балаға өз ата-анасын алмастыра алмайды. Автор балалардың отбасында тәрбиеленудің басқа түрлерін кеңейтуге жақ, оның ішінде келісілген қатынастар да ұйғарылады. Себебі бұл жағдайда асырап алушы ата-ананың құқықтары мен міндеттері, сонымен қатар қамқор-

шылық және қорғаншылық органдарының асырап алушы отбасына деген қатынастарының міндеттері нақтылануы мүмкін.

Мұндай көзқараспен келісуге болмайды. Бала асырап алу институты қажет. Бұл тек қазіргі таңдағы бала асырап алу мөлшерінің көптігі тәжірибесімен ғана емес, сонымен қатар берілген институттың болу тарихымен дәлелденеді [4]. 1917 жылы бала асырап алуды жоюдың неге алып соққанын ескерсек жеткілікті. Сонда панасыз балалар саны көбейді, балаларды отбасыларына тиісті заңды рәсімдемесіз қабылдау жағдайлары таралды, бала асырап алудың пайда болған қатынастарын бекіту үшін ең болмаса ұқсас құқықтық институттарды қолдануға әрекеттенді. Заңнамалық тыйым салғанға қарамастан, соттарға бала асырап алу жайлы өтінішпен арыздар түсе берді [5].

Бала асырап алуға балама ретінде қарастырылатын, балаларды отбасына орналастырудың басқа тәсілдеріне қатысты келер болсақ, нақты осы асырап алу балаға барынша отбасылық өмір жағдайына жақын мүмкіндік құратынын ескере кетейік. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы жайлы» кодексі (НОЖК) [6] баланың отбасында тәрбиеленуіне басымдылық жариялайды және әр баланың отбасында өмір сүруі мен тәрбиеленуі құқығын бекітеді (бап.60 НОЖК). Бала асырап алудың құқықтық институтының болуы баланың осы маңызды құқығының сақталуының негізгі кепілінің бірі болып табылады.

«Жаңа туыстар ешқашан көмек бермейді», «аналық түйсік өгей шешеге жат» деген сенім негізсіз. Әрине, қаны бір ата-ана мен балаға қарағанда, қандары бөлек ата-аналар мен балаға тамаша отбасылық қатынастар орнату қиындау. Алайда осыған бола бала асырап алу қажет емес деген шешімге келуге болмайды. Асырап алушы мен асырап алынушы қаншалықты бақытты отбасын құра алатынын барынша анықтай алу үшін психологиялық, генетикалық әдістерді, заңды механизмдерді табу қажет. Әрине, аналық түйсік ылғи «көріне» бермейді. Түрлі мәліметтер бойынша, Қазақстанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны оннан, он бес мыңға дейін жетеді [7]. Бірақ бұл балалардың барлығы дерлік жетім емес. Туған әке-шешелерінің өздері кейде көмек көрсетпейді, сонымен қатар балаға қол көтереді. Оған дәлел 2015 жылғы санақ. Мемлекеттік мекемелерде тәрбиеленіп жатқан 96 мыңға жуық балалардың тірі ата-аналары болды. Тәрбиелеуден бас тартқан, ата-аналық құқықтарынан айырылған, бас бостандығынан айыру орындарында болған [8].

Енді Қазақстан Республикасында бала асырап алудың құқықтық аспектілеріндегі процессуалды мәселелерге тоқтала кетейік. Асырап алу істерінің көбісі бұл – өгей әке-шешенің өгей балаларды асырауы (жалпы асырап алу санының 60-64%) болып табылады [9]. Жалпы бала асырап алу мәселесінің қойылуы – оған деген қолайлы отбасылық ортаның құрылғандығының және оның мүдделеріне сай келетіндігінің дәлелі. Ата-ананың баламен тұруы – бала мүдделерінің қорғалуының маңызды кепілі. Алайда, қарастырылып отырған жағдайда құқықтық байланысты рәсімдеу сот шешімі түріндегі мемлекеттік мақұлдауды талап етпейді, ал оның рәсімдеуіне әкімшілік акт жеткілікті деген пікірмен келісуге болмайды [10].

Құқық қорғаудың соттық түрі – азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін ең қолайлысы екені жалпы мойындалған. Асырап алу жайындағы істерді қарастырғанда тек асырап алынушының ғана емес, сонымен қатар асырап алушылар, ата-аналардың да мүдделері мен құқықтары сақталуы тиіс. ҚР-дың Азаматтық процессуалды кодексінің (АПК) 5-бабы азаматтық сот ісінің мақсаты ретінде азаматтардың келіспейтін құқықтарының қорғалуын да жариялайды [11]. Асырап аларда ата-аналары балаға деген құқықтары мен міндеттерін жоғалтады. Яғни, олардың ата-аналық құқықтары асырап алушылармен келісіледі, таласқа түседі. Кей жағдайларда ата-аналары балаларының асыранып алуына келісім берсе, кей жағдайларда олар өздерінің ата-аналық құқықтарын қорғауға тырысады.

Осылайша, егер өгей балаларды асырап алуды орнату үшін әкімшілік, ал асырап алудың басқа жағдайларына соттық тәртіп орнатылса, асырап алынушы өгей балалардың әке-шешелері, басқа асырап алынушылардың әке-шешелеріне қарағанда нашар жағдайға тап болады. Олар соттық тәртіпте қарастырылатын істе ұсынылатын, ата-аналық құқықты сақтау тәсілдерін қолдану мүмкіндігінен айырылады. Бұған жол беруге болмайды, себебі бұл ҚР-дың Конституциясының 1-бөлімінің 14-бабында бекітілген азаматтардың теңдік қағидасына қайшы келеді.

Асырап алу бойынша зерттелген істердің қатарында мән-жайдың толық емес анықталуы аңғарылды. Ол өз ішінде асырап алынушылардың ата-аналарының асырап алуға келісімін беруге деген құқықтарының бұзылуына мүмкіндік туғызды. Осылайша, М-ң кәмелеттік жасқа толмаған Е-ні асырап алу ісі бойынша, қамқорлық органының тұжырымдамасында

асырап алынушының анасының қайтыс болғаны жайлы айтылады, бірақ ол істің басқа мәліметтерімен дәлелденбейді. Сот кәметтік жасқа толмаған асырап алынушының анасының қайтыс болғанын растайтын куәлікті немесе басқа да құжаттарды талап етуі қажет еді.

Азаматтық процессуалды кодексінің 64-бабына сәйкес, сот дәлелдеу мәнін іс бойынша анықтайды. Мұнда асырап алу бойынша барлық істер үшін орнату қажет жағдайлар кіреді. Одан бөлек, істің ерекшелігіне байланысты басқа да жағдайларды анықтау қажет. Көп жағдайда дәлелдеу мәнінің жалпы мәселелері асырап алу бойынша істердің барлығында анықталады, ал істің ерекше жағдайлары ылғи ескерілмейді. Осылайша, М-ң кәметтік жасқа толмаған Е-ні асырап алу ісінде, асырап алынушының анасының қайтыс болғаны жайлы айтылады. НОЖК-ң 5-тармағы, 100-бабына сәйкес, асырап алынған баланың ата-анасының бірі қайтыс болса, қайтыс болған ата-ананың әке-шешелерінің (баланың ата-әжесінің) өтініші бойынша, қайтыс болған ата-ананың туыстарына қатысы бойынша жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттер сақталуы мүмкін. Әрине егер де баланың мүдделері оны талап етсе. Алайда сот асырап алынушы Е-ң ата-әжесінің тірі не өлі екенін анықтамады, оларды іске қатысуға тартпады, немересімен олардың құқықтық қатынастарының сақталуы жайлы мәселеге деген олардың қатынасын анықтамады.

НОЖК-ң 4-тармағы, 97-бабында қарастырылған, асырап алу құпиясын сақтау мақсатында, асырап алынушы мен оның ата-әжесі арасында құқықтық байланысты сақтау жайлы ережені қолдану – тек балаға он жас толғанда немесе асырап алушы баланың аты-жөнін өзгерту бойынша өтініш беріп жатпаса ғана мүмкін болады деген пікір әдебиетте айтылып кеткен. Бірінші жағдайда – асырап алуға баланың келісімі берілуі керек, демек ол бала үшін құпия болмайды. Екінші жағдайда – асырап алынушы ерте ме, кеш пе өзінің аты-жөнінің асырап алушыдан өзгеше екенін аңғаратыны айқын.

Яғни мұндай түсіндірме асырап алынушының мүдделері мен заңнамаға сәйкес келмейді. Өзінің жақын туыстарымен құқықтық байланыстың сақталуына деген бала құқығының алдында асырап алу құпиясының сақталуы басымдылыққа ие деп айту екіталай. Көп жағдайда ата-әжелері немерелеріне үлкен махаббат пен сезіммен қарайды. Ата-анасының бірінің қайтыс болуына байланысты отбасылық қамқорлықтың бір бөлігінен құр қалған баладан, оның жақын

туыстарымен қарым-қатынасына деген құқығынан айырып тастау қатал болар еді. Одан басқа, ата-әжесін асырап алу бойынша іске тартпауы асырап алу құпиясын сақтауға септігін тигізетіні күмәнді. Бұл адамдар НОЖК-ң 4-тармағының, 97-бабына сәйкес баламен құқықтық байланыстарын сақтағысы келсе, онда олар оны іздестіруге әрекеттенеді, онымен қатынасқа түсуге тырысады. Оларды іске қатысуға жұмылдыру – асырап алу құпиясының жариялануының алдын алуына жағдай туғызады, сонымен қатар асырап алу бойынша шешім қабылданып қойғанда және жаңа отбасылық қатынастар орнағанда баланың туыстары мен асырап алушы арасындағы қажет емес жанжалдарды туғызбайды, олардың немересін асырап алуға қатынастарын уақытылы анықтайды. Ата-әжелері үдерістің қатысушылары бола тұра, асырап алу құпиясының сақталуының қажеттілігі жайлы, оның жарияланғаны үшін міндеттілік жайлы хабардар болады.

Сонымен қатар зерттелген істердің ішінде, Т. азаматының кәметтік жасқа толмаған Д-ні асырап алу ісінде анасының өтініші бойынша, туу туралы куәлікте әкесі жайлы жазу оның сөздерімен жасалған. Сот бұл жағдайды тексермей өтінішті қабылдады, ал бұл Азаматтық процессуалды кодекстің 70 және 317-баптарының бұзылғандығы болып табылады. Осыған ұқсас жағдайлар зерттелген үш істе кездесті. Тек төрт істің бірінде ғана асырап алынушының туу туралы куәлігін берген азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің анықтамасы болған. Онда сәйкес актілік жазу арасында анасының сөздерінен жасалғаны жайлы айтылған. Мінекей осындай жағдайлар Қазақстан Республикасында бала асырап алудағы құқықтық аспектілердің процессуалды мәселелері болып табылады.

Асырап алу құрылыстың ақысыз түрі екенін ескере келе, берілген құрылыс түрінің дамуына кедергі келтіретін келесідей факторларды көрсетіп кетсе болады.

Ең алдымен моральді тұрғыға зейін салсақ. Қазақстандық азаматтар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алғылары келмейді. Қамқоршылық және қорғаншылық органдарында асырап алуға үміткерлердің кезегі байқалмайды. Басқаша айтқанда, ұсыныс сұраныстан бірнеше есеге артық. Және бұл ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы әр жетінші ерлі-зайыптылар жұбының бедеу болғанының өзінде. Бұл неге байланысты?

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың физикалық және психикалық

жағдайларының денсаулықтарына қатысты, қоғамда қалыптасқан теріс пікірмен байланысты [12]. Ережеге сәйкес, ақыл-ой кемтарлығы мен психикалық тежеулік берілген мекемелерде туылғаннан бастап болуына тікелей байланысты. Асырап алынған балалармен даулы жағдайдың туындауына көптеген жағдайда асырап алушылардың психикалық жағдайлары себеп болады. Себебі көп жағдайда балаларды асырап алуға бедеулікке ұшырап, соған байланысты белгілі бір психологиялық қысылу сезінетін, немесе баланы жоғалтып алған және де оны асырап алынғанмен алмастыруға тырысатын тұлғалар бейім. Біздің ойымызша, мұндай тұлғалар алдын ала психологиялық тесттер мен дайындықтар кешенінен өтуі қажет.

Ұйымдастырылған және ақпараттандырылған факторлар қамқоршылық пен қорғаншылық органдарындағы арнайы даярланған, асырап алушылармен жұмыс атқаратын кадрлардың жоқтығымен сипатталады. Олар өз ішінде азаматтарды берілген құрылым түрі жайлы белсенді түрде ақпараттандыру қажет. Соның өзінде ақпараттандыру түрлі жолдармен іске асуы қажет: кездесулер, семинарлар өткізу жолдарымен, кітапшалар, қағаздар шығарумен, электронды құжаттар базасын құрумен, БАҚ-пен белсенді түрде әрекеттесу жолдарымен.

Экономикалық фактордың маңызы зор. Асырап алу құрылыстың ақысыз түрі болып табылатынына қарамастан, материалдық мәселелердің мұнда маңызы үлкен. Себебі асырап алушылар қалыпты отбасыларына теңестіріледі және де ешбір қосымша әлеуметтік қорғау шараларына ие болмайды. Ал бұл, барлық ата-

аналары үшін жалпы мәселелер шешілмегенше; төменгі табыс мөлшері, мектепке дейінгі мекемелерге орналастыру, жоғары білім алу, жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету сынды т.б. мемлекет ішіндегі асырап алудың ұлғаюына сүйенуге ерте.

Соңғы жылдары қазақстандық балаларды шет елдік азаматтардың асырап алуы өзекті мәселелердің бірі болып табылуда. Негізгі мәселелердің бірі болып шет елдік асырап алу кезіндегі бақылау жүйесінің жетілдірілмегендігі болып табылады. Қазақстандық тарап шет елге асыранып алынған балалардың тағдыры жайлы мәліметтерді ылғи ала бермейді. Ал бұл аккредиттелген ұйымдар үшін міндетті шарт болып табылады.

Соңғы оқиғаларға сәйкес, осындай мәселелердің салдарынан орын алған, шет елге асыранып алынған қазақстандық екі баланың тағдыры дәлел. Вашингтон штатының тұрғыны Дэвид Кэмпбелл өзінің әйелі Лана Карлсон (49 жаста) мен Қазақстаннан асырап алған екі баласы Куин Карлсон (16 жаста) және Тори Карлсонды (18 жаста) атып өлтірген [13].

Осылайша, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру – бұл жалпыұлттық мәселе болып табылады. Оны шешу қоғамның барлық күштерінің бірігіп нығаюын; атқарушы, заңшығарушы және соттық биліктердің әрекеттесуін талап етеді. Сонымен қатар, қажетті моральді-психологиялық, ұйымдастырушылық және экономикалық алғышарттарды құру жолдары арқылы, асырап алушылардың отбасына тәрбиелеуге берілетін балалар санын ұлғайтуға бағытталған нәтижелі шараларды қабылдау керек.

#### Әдебиеттер

- 1 20 ноября 1989 года Генеральная Ассамблея ООН единогласно приняла Конвенцию о правах ребенка. //http://kotlovka.mos.ru/kdn-and-ot/informatsiya/istoriya-sozdaniya-konventsii-oon-i-pravakh-rebenka//
- 2 «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2000 жылғы 22 желтоқсандағы №17 // adilet.zan.kz//
- 3 Карелова Г.Н. Реализация прав детей, находящихся в тяжелой жизненной ситуации. – сб.: Социальное законодательство России и Великобритании. – М.: ПРИОР, 2000. – С. 144.
- 4 Беспалов Ю. Усыновление как способ защиты прав ребенка. – М.: Российская юстиция, 1997. – № 7. – С. 25.
- 5 Гидулянов П.В. Брак, развод, отыскание отцовства и усыновление. – М., 1925. – С. 51-52; Обзор практики Высшего Судебного Контроля. – М.: Еженедельник советской юстиции. 1922. – № 4. – С.34.
- 6 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі // adilet.zan.kz//
- 7 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 қаулысы // online.zakon.kz//
- 8 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы №382 қаулысы // Zakon.kz//

- 9 В судах Республики Казахстан рассмотрено почти 4 тысячи дел об усыновлении // [tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/v-sudah-kazahstana-rassmotreno-pochti-4-tyisyachi-del-ob-usynovlenii-215129/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-sudah-kazahstana-rassmotreno-pochti-4-tyisyachi-del-ob-usynovlenii-215129/).
- 10 Косова О. Усыновление пасынков и падчериц: процедурные вопросы. – М.: Российская юстиция, 2001. – № 2. – С. 44.
- 11 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ//<http://adilet.zan.kz//>
- 12 Синдром «покупательского выбора», отметили специалисты органа опеки и попечительства, присутствует всегда. Чужие близкие: Сб. Беларусь сегодня. 28.01.15.- URL: <http://www.sb.by/post/96298/>.
- 13 Вашингтон штатының тұрғыны Дэвид Кэмпбелл өзінің әйелі мен асырап алған екі баласын атып өлтірген. URL:<http://qamshy.kz/home/show/5410/07.03.2016>

#### References

- 1 20 nojabrja 1989 goda General'naja Assambleja OON edinoglasno prinjala Konvenciju o pravah rebenka. // <http://kotlovka.mos.ru/kdn-and-ot/informatsiya/istoriya-sozdaniya-konvencii-oon-i-pravakh-rebenka/>
- 2 «Sottardyn bala asyrap alu turaly isterdi karau kezinde neke (erli-zajyptylyk) zhәне otbasy turaly zannamany koldanuynyn kejbir мәseleleri turaly» Kazakstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn normativtik kaulysy 2000 zhylgy 22 zheltoksandagy №17 // [adilet.zan.kz//](http://adilet.zan.kz//)
- 3 Karelova G.N. Realizacija prav detej, nahodjashhihsja v tjazheloj zhiznennoj situacii. – sb.: Social'noe zakonodatel'stvo Rossii i Velikobritanii. – М.: PRIOR. 2000. – С. 144.
- 4 Bespalov Ju. Usynovlenie kak sposob zashhity prav rebenka. – М.: Rossijskaja justicija, 1997. – № 7. – С. 25.
- 5 Giduljanov P.V. Brak, razvod, otyskanie otcovstva i usynovlenie. – М., 1925. – С. 51-52; Obzor praktiki Vyshego Sudebnogo Kontrolja. – М.: Ezhenedel'nik sovetskoj justicii. 1922. – № 4. – С.34.
- 6 «Neke (erli-zajyptylyk) zhәне otbasy turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 26 zheltoksandagy № 518-IV Kodeksi// [adilet.zan.kz//](http://adilet.zan.kz//)
- 7 Kazakstan Respublikasy Ykimetinин «Kazakstan Respublikasynyn azamattary bolyp tabylatyn balalarydy asyrap aluga beru kagidalaryn bekitu turaly» 2012 zhylgy 30 nauryzdagy № 380 kaulysy // [online.zakon.kz//](http://online.zakon.kz//)
- 8 Kazakstan Respublikasy Ykimetinин «Memlekettin korganshylyk zhәне kamkorshylyk zhөnindegі funkцijalaryn zhyzege asyru kagidalaryn bekitu turaly» 2012 zhylgy 30 nauryzdagy №382 kaulysy // [Zakon.kz//](http://Zakon.kz//)
- 9 V sudah Respubliki Kazahstan rassmotreno pochti 4 tysjachi del ob usynovlenii // [tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/v-sudah-kazahstana-rassmotreno-pochti-4-tyisyachi-del-ob-usynovlenii-215129/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-sudah-kazahstana-rassmotreno-pochti-4-tyisyachi-del-ob-usynovlenii-215129/).
- 10 Kosova O. Usynovlenie pasynkov i padcheric: procedurnye voprosy. – М.: Rossijskaja justicija. 2001. – № 2. – С. 44.
- 11 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk procesitik kodeksi 2015 zhylgy 31 kazandagy № 377-V KRZ//<http://adilet.zan.kz//>
- 12 Sindrom «pokupatel'skogo vybora», otmetili specialisty organa опеки i popechitel'stva, prisutstvuet vseгда. Chuzhie blizkie. Sb. Belarus' segodnja. 28.01.15.- URL: <http://www.sb.by/post/96298/>.
- 13 Vashington shtatynyn turgyny Djevid Kjempbell өзinin әjeli мен asyrap алған екі balасын атып өлтірген. URL:<http://qamshy.kz/home/show/5410/07.03.2016>